

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Экономикалық теория арқылы_____ анықталады
 - A) экономикалық саясат
 - B) зейнетақы мөлшері
 - C) өндіріс шығындары
 - D) өмір сүру деңгейі
 - E) жалақы мөлшері

2. Төмендегілердің ішінде_____ меншік субъектісіне жатпайды
 - A) жеке кәсіпкерлік «Тұрысбеков»
 - B) ЖШС «Жайық»
 - C) «Сеймар» концерні
 - D) АТУ-дың ғимараты
 - E) мемлекеттік сақтандыру қоғамы

3. Мемлекеттік бюджет дегеніміз
 - A) барлық банк ресурстары мен оларды бөлуді көрсететін несие жүйесі
 - B) мемлекеттің барлық қаражат ресурстары мен оларды бөлуді көрсететін мемлекеттің қаржылық жоспары
 - C) мемлекеттің барлық қаражат айналымы мен олардың есебін көрсететін мемлекет қаржысы
 - D) мемлекеттің барлық қарыздары мен оларды төлеу бойынша жүргізілетін фискалды саясат
 - E) ұлттық экономиканың өсуін айқындайтын қаржы жүйесі

4. Сұраныс заңы мынаны болжайды
 - A) егер тұтынушылардың табысы өссе, әдетте олар тауарды көбірек сатып алады
 - B) сұраныс қисығы әдетте оң еңкеюге ие болады
 - C) тауар бағасы түссе, баға өсуін тудырады
 - D) тауар бағасы түссе, жоспарланған сатып алулар көлемі өседі
 - E) ұсыныстың сұраныстан артуы баға төмендеуін тудырады

5. Жұмыссыздар қатарына_____ жатпайды
 - A) еңбек биржасында тіркелгендер
 - B) алдыңғы 4 апта бойы жұмыс табуға талпыныс жасағандар
 - C) әртүрлі жағдайлармен жұмыстан шыққанда
 - D) мүлдем жұмыспен қамтылмағандар және жұмыс іздемегендер
 - E) тауар мен қызмет өндірісінде жұмыспен қамтылмаған

6. Экономикалық құлдырауға байланысты пайда болатын жұмыссыздық-

- A) жасырын
- B) икемді
- C) созылмалы
- D) циклдық
- E) құрылымдық

7. Негізгі өндіріс қорларына мыналар жатады:

- A) өндірістегі дайын өнім
- B) шикізат, материалдар, жұмыс күші
- C) отын, энергия, жартылай фабрикаттар
- D) өндірістік циклда бірнеше рет қолданылатын, дайындалатын өнімнің бөліктеріне өз құнын біртіндеп өткізетін материалдық құралдар
- E) өндірістік циклда тек бір рет болатын материалдық заттар

8. Экономикалық база және мемлекеттің фискалды саясатының құралы дегеніміз-ол:

- A) Шетелдік инвестициялар
- B) Салық
- C) Бюджет
- D) Мемлекеттік қарыз
- E) Бюджет тапшылығы

9. Халықаралық сауда өзара тиімді болады, егер

- A) бір ел бір тауардың өндірісінде, ал екінші ел басқа тауардың өндірісінде абсолютті артықшылыққа ие болса
- B) елдер бірде бір тауар өндірісінде салыстырмалы айырмақшылыққа ие болса
- C) барлық елдер тауарлар өндірісінде салыстырмалы және абсолютті артықшылыққа ие болса
- D) елдер бірде бір тауар өндірісінде абсолютті артықшылыққа ие болмаса
- E) елдер белгілі бір тауар өндірісінде салыстырмалы артықшылыққа ие болса

10. Акционерлік қоғамның жалпы мақсаты болып _____ табылады

- A) Мемлекеттік дотацияларды алу
- B) Салықтық жеңілдіктер алу
- C) Қоғамдық тауарларды өндіру
- D) Дивидендтер мен пайданы көбейту
- E) Әлеуметтік қорғау